

егемен

Актас

Дарын мен қарым

Дарын – тағдырыңдың сыйы. Ұстай алсаң құстай үшасың, ұстай алмасаң мұрттай үшасың. Ұстай алғанның қарымы зор. Базы биік. Затына қарай аты, еңбегіне қарай өнбекі телегей теңіз. Ұстай алмаганның ұсқыны кірмейді. Қадамы ілгері жүрмейді. Қанша жетектегенмен, қамқорлық көрсеткен кері кетіп, күндердің күнінде күлкіге айналып, көлденең «кермеге» үріна береді. Мұны өмір сабағына көз жібергенде көріп-біліп отырмыз.

Қазақ дарыннан кем болған емес, қайта кең болған. Арғы тарихқа бармай, бергі тарихқа ой жіберсең, бой емес ой жарыстырғандар күншілік жерден көз тартады. Оларға серік болған баянсыз бақ емес, ұлт тағдырын бекіткен ақберендер болып шығады. Оларды көресің де көрсоқыр тірліктен безіп, күйкі іске қолды бір сілтеп, халықтық қалыпқа ат байлайсың. Мұның аргы жағында тәубе мен шүкір жатады. Осы шүкір мен тәубеден кетпегендер кемелдікте күн кешіп, ұлтының ұлысына айналды. Жалған дүниенің жетегінде кеткендер бір кемнің шарасында қалып отыр. Бұрын таланттар толқын-толқын болып шығып, жұлдыз шоғырында болып көрінетін. Бұл дәстүрге айналып үлгерген. Қазір шашыранқы. Әлгі дәстүрді жасанды жұлдыздар «басып алған». Тіпті болсын-болмасын, айтуға тұрсын-тұрмасын «жұлдыздар жарқырайды» деп құпілдететінді шығардық. Ол жұлдыз жарқырай ма, қалтырай ма, ұлт руханиятын өсіріп жатыр ма, әлде өшіріп жатыр ма онда шаруамыз жоқ. Айғай-шуға үйреніп алдық па, не салғырттықтың «тұтқыннанда» қалдық па түсіну қын. Ән делінетін «өлі» айқай-шуға ұласып кеткенін несін жасырамыз. Бұған «намыстанбайды» (А.Байтұрсынұлы), кемшілікке санамайдының керін келтіріп отырмыз. Тіпті орынсыз әжуаның өзіне, «ерек әйелдердің» қылжағына мәз болатынымызды қайтерсің? Бұған ұлт болып бұл қалай десек болмас па?

Жақында жұрты мойындаған белгілі әншімен дастарқан басында отырғанда ол «Біз тойдың, тобырдың әншісіне айналдық. Той жасайтындарға бізді іздейді», деді. Алғашында бұл сөз құлаққа түрпідей тиді. Артынан шын өнерді шын түсінетіндер іздейтінін, бүгінгі нәпір ертең жойылатынын айтқан болдық. Міне, дарынның қарымын осылайша пайдалана алмай отырмыз. Қашанғы дарынсыздарды талғамсыз сахнадан, той төрінен көре берер еkenбіз?!

Ал бесіктен белі шыға бастағандар, оның ішінде дарынды болғанмен ата-анасының қарымы кемдердің жайы көпті ойландыруға тиіс деп білеміз. Біз мұны неге айтып отырмыз? Соған тоқталып көрелік. Желтоқсанның басында «Таңғы шұғыла» деп аталатын балабақша бұлдіршіндерінің өнер фестивалі өтті. Балаңның өнерін тамашалағың келсе, мың теңге төлеп залға кіруін керек. Балаңыз жеке дауыста ән салсын десеніз 15 мың теңге төлесеніз жетіп жатыр. Сахна төріне шыға береді. Көп көгенкөзben хорға қатысу үшін 3500 теңге шығындасаныз болды. Ұл-қызыңыз қанша жерден дарыны тасып тұрғанмен, жоғарыдағыдай теңге жұмсамасаңыз сыртта қала береді. Аз қамтылған отбасы балаларының арасында да дарындылар бар ғой, олар өнер

бәйгесін былай қойып балабақшаға төлейтін ақшасына қиналып жүргенде, мынандай таланттар тобынан ысырылып қалып қоймай ма деген сұрағымызға ұйымдастырушылар нарық заңы осылай деген уәждерін айтты. Сонда қолынан келгендер қонышынан басып, қолынан келмегендердің дарынды ұрпағы сыртта қала бермек пе? Олардың арасынан болашақ Бетховен мен Моцарттар шықпайтынына кім кепілдік бере алады. «Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын», деген сөзді Ахмет Байтұрсынұлы осындай бір тұста айтса керек. Шынында, тәуелсіз елдің ертеңгі тұтқасы саналатын Асан мен Үсенді дарыны мен қарымын қазір ақ адап анықтап, Қазақ елінің кемел келешегі десек ұтылmas едік.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ұлттың дарынды ұрпағын елдің ішінен таңдал алып, білім бәйгесінде көрсетіп, олар келешекте мемлекетіміздің дамуына үлес қосуы тиіс деп «Дарын» республикалық орталығын құрған еді. Сол орталықтан түлеп ұшқандар кейін «Болашақ» бағдарламасымен әлемнің жоғары оқу орындарында білім алып, қазір Отанымыздың дамуына ерекше үлестерін қосып жүр. Олар мыңдал саналатынын да еске сала кетейік. Әлемдік пән олимпиадаларында, ғылыми жобаларда таланттарымыз жүлдегер атанып, мемлекетіміздің көк Туын төрткүл дүниеде желбіреткен еді. «Дарын» орталығы балабақшадан басталған осындай өнер бәйгелеріне бұрын ұйытқы болып келген болатын. Сол үрдісті жалғастырып, жақсы бастаманың басы-қасынан табылса, нұр үстіне нұр болар еді. Соңғы кездері әлемдік білім сайысынан жүлде алған ондай жастар шоғыры туралы мәліметтер аз естіліп жүр. Сондай жүзден жүйрік, мыңдан тұлпарлар туралы деректер беріліп отырса, өзгелерге үлгі болары сөзсіз. Бір сөзбен айтқанда, ұрпақтың бойындағы дарынды нарыктың талабына сүйеп, олардың ертеңгі қарымын жоғалтып алмау жағын ойластырсақ, бұл ұлт жастарының жарқырап шығуына жол ашары ақиқат.